

Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 1147 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 1-тармағына сәйкес Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың орындалуына жауапты орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар:

1) Жоспарды іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 10 қаңтарынан және 10 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (келісу бойынша) Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (келісу бойынша) жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-і күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (келісу бойынша) жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1147 қаулысымен
бекітілген

Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

			Жауапты		
--	--	--	---------	--	--

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	орындаушылар	Іске асыру мерзімі	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
Қоғам					
1.	Жетекшілік ететін салаларда (қызмет ерекшелігін ескере отырып) сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған жағдайда іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті түсіндіретін тарату материалдарын дайындау және халық арасында тарату	постерлер, брошюралар, парақшалар, буклеттер және т.б.	СЖҚІА (келісу бойынша), ЖАО	2023-2026 жылдар	001 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
2.	Баннерлік өнімдерді шығару және оларды орналастыру	баннерлер	ЖАО, СЖҚІА (келісу бойынша)	2023-2026 жылдар	жергілікті бюджет шеңберінде
3.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта фильмдер (телехикаялар) әзірлеу, республикалық телеарналарда трансляциялау	(телехикаялар, фильмдер	МСМ, АҚДМ, СЖҚІА (келісу бойынша)	2023-2026 жылдар	033 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архивісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы				

4.	бейнероликтерді (5 минуттан аспайтын) әзірлеу және республикалық және өңірлік телеарналарда, қоғамдық орындарда, соның ішінде кинотеатрларда (сеанстар басталар алдында) трансляциялау	бейнероликтер	СЖҚІА (келісу бойынша), МСМ, АҚДМ, ЖАО	2023-2026 жылдар	001 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
5.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы аудиороликтерді әзірлеу және трансляциялау	аудиороликтер	СЖҚІА (келісу бойынша), АҚДМ, ЖАО	2023-2026 жылдар	001 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
6.	Танымал әртістердің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыруға бағытталған бейнероликтерді шығару, кейіннен олардың аккаунттарында (Facebook, Instagram) орналастыру	бейнероликтер	МСМ	2023-2026 жылдар	033 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
7.	"Qazaqstan" телеарнасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы	тұрақты айдар	СЖҚІА (келісу бойынша), АҚДМ	2023 жылғы I тоқсан	001 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру"

	тақырыпта арнайы айдар ашу				бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
8.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта театрландырылған қойылымдар жасау және өткізу, оның ішінде республикалық және өңірлік телеарналарда, сондай-ақ әлеуметтік желілерде трансляциялау	спектакльдер, театрлық қойылымдар	МСМ, АҚДМ, СЖҚІА (келісу бойынша)	2023-2026 жылдар	033 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архивісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
9.	"Хабар 24" телеарнасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта ай сайын шығарылатын арнайы бағдарлама ұйымдастыру	телебағдарлама	СЖҚІА (келісу бойынша), АҚДМ	2023 жылғы I тоқсан	001 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
10.	Орталық мемлекеттік органдар басшыларының тиісті саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тұжырымдамалық тәсілдерін баяндайтын авторлық мақалаларын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	жарияланымдар	ОАО, СЖҚІА (келісу бойынша)	2023-2026 жылдар	жергілікті бюджет шеңберінде
	БАҚ-та барлық деңгейдегі әкімдердің				

11.	сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы мәселелері бойынша авторлық мақалаларын жариялау	жарияланымдар	ЖАО	2023-2026 жылдар	жергілікті бюджет шеңберінде
12.	БАҚ өкілдері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы үздік журналистік жұмыстарға өңірлік конкурс өткізу	конкурс	ЖАО, СЖҚІА (келісу бойынша)	2023-2026 жылдар	жергілікті бюджет шеңберінде
13.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық моделін дәріптеу бойынша ҚХА қатысуымен іс-шаралар өткізу	кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинарлар және басқалары	СЖҚІА (келісу бойынша), АҚДМ, ҚХА (келісу бойынша), ЖАО	2023-2026 жылдар	қаражат талап етілмейді
14.	Адалдық құндылықтарын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты дәріптеу мақсатында діни бірлестіктердің, этномәдени орталықтардың, саяси партиялардың және қоғамдық пікір көшбасшыларының қатысуымен іс-шаралар өткізу	кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинарлар және басқалары	СЖҚІА (келісу бойынша), АҚДМ, ЖАО	2023-2026 жылдар	001 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
	Кәсіптік одақтармен бірге еңбек ұжымдарында сыбайлас		Еңбекмині, СЖҚІА (келісу бойынша), АҚДМ,		

15.	жемқорлыққа қарсы құндылықтарды дәріптеу бойынша іс-шараларын өткізу	кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинарлар және басқалары	Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы (келісу бойынша)	2023-2026 жылдар	қаражат талап етілмейді
16.	Кітапханаларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған кітап көрмелерін ұйымдастыру	көрмелер	МСМ, ЖАО, СЖҚІА (келісу бойынша)	2023-2026 жылдар	033 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
17.	Азаматтарға құқықтық көмек көрсету мақсатында республикалық кең ауқымды акция ұйымдастыру	акция (жылына кемінде 1 рет)	СЖҚІА (келісу бойынша), Әділетмині, ОАО, ЖАО	2023-2026 жылдар	қаражат талап етілмейді
18.	Халыққа құқықтық көмек көрсету, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру, қоғам мен билік арасындағы байланысты кеңейту, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, көші-қон заңнамасын сақтау,	акция (жылына кемінде 1 рет)	ІІМ, АҚДМ	2023-2026 жылдар	

	азаматтардың полицияға сенімін арттыру бойынша "Жолдағы қабылдау бөлмесі" республикалық акциясы				қаражат талап етілмейді
19.	Интернет-алаяқтың профилактикасы және оған қарсы іс-қимыл туралы халықты егжей-тегжейлі ақпараттандыру үшін, оның ішінде цифрлық сауаттылықты арттыру бойынша ақпараттық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру	акция (жылына кемінде 1 рет)	ІІМ, ЖАО	2023-2026 жылдар	қаражат талап етілмейді
Мемлекеттік қызметшілер, азаматтық қызметшілер, квазимемлекеттік ұйымдардың жұмыскерлері					
20.	Мемлекеттік органдарда "Ашық есік күні" акциясын өткізу	акция (жылына кемінде 1 рет)	ОАО, ЖАО	2023-2026 жылдар	қаражат талап етілмейді
21.	Адал, лайықты мемлекеттік қызметші үлгісін кеңінен жария ету арқылы мемлекеттік қызметтің оң имиджін нығайту	БАҚ-та материалдар	МҚІА (келісу бойынша), АҚДМ, ОАО, ЖАО	2023-2026 жылдар	001 "Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
22.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелерін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті түсіндіретін	жаднама	СЖҚІА (келісу бойынша), МҚІА (келісу		001 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік

	жаднамалар әзірлеу және мемлекеттік орган мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметкерлері арасында тарату		бойынша), ЦДИАӨМ	2023 жылғы III тоқсан	саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
23.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы үшін білім беру ұйымдарында жұмысқа орналастыру тәртібі туралы нормаларды түсіндіру акциясын өткізу	акция (жылына кемінде 1 рет)	ОМ, ҒЖБМ, ЖАО	2023-2026 жылдар (II тоқсан)	қаражат талап етілмейді
24.	Бақылау және мониторинг іс-шараларын (лицензиялау, мемлекеттік аттестаттау, кәсіптік бақылау, білім беру ұйымдарын тексеру, білім алушылардың оқудағы жетістіктерін мониторингтеу, білім беру саласындағы халықаралық салыстырмалы зерттеулер) жүзеге асырған кезде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жөнінде ақпараттық ролик дайындау және тарату	ролик	ОМ, АҚДМ	2023-2026 жылдар	001 "Оқу-ағарту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
	Мемлекеттік қызметші күніне орай жас мемлекеттік				

25.	қызметшілердің ата аналарына жұмыстағы жоғары нәтижелері үшін алғыс хаттар жіберу	алғыс хаттар	ОАО, ЖАО	2023-2026 жылдар (II тоқсан)	республикалық және жергілікті бюджет шеңберінде
Бизнес-қоғамдастық					
26.	Оң кейстерді БАҚ-та кеңінен жария ету арқылы адал бизнесті насихаттау	БАҚ-та материалдар	ЖАО, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	2023-2026 жылдар	жергілікті бюджет шеңберінде
27.	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесі туралы бейнематериалдарды орналастыру	БАҚ-та және әлеуметтік желілерде бейнематериалдар	СИМ	2023-2026 жылдар	001 "Ішкі және сыртқы сауда саясаты, халықаралық экономикалық интеграция, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету, шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
	Тұтынушылардың белгіленбеген тобының				001 "Ішкі және сыртқы сауда саясаты, халықаралық экономикалық интеграция, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, техникалық реттеу, стандарттау

28.	құқықтарын қорғау және олардың нақты шағымдарын қарау жөніндегі жұмыс нәтижелері туралы хабарлау	БАҚ-та материалдар	СИМ	2023-2026 жылдар	және өлшем бірлігін қамтамасыз ету, шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
29.	Салықтық және кедендік әкімшілендіруді жақсарту бойынша бизнес-қоғамдастықтың ұсыныстарын талқылау	БАҚ-та материалдар	Қаржымині	2023-2026 жылдар (III тоқсан)	001 "Бюджеттік жоспарлауды, мемлекеттік бюджетті атқаруды және оның атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
Балалар мен жастар					
30.	Мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлген және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында талапкерлерді қабылдаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың сақталуы туралы ақпаратты әзірлеу және орналастыру	БАҚ-та, әлеуметтік желілерде, мемлекеттік органдардың интернет-ресурс тарында ақпарат (жаднама, жарияланым, бейнеролик және т.б.)	ОМ, АҚДМ, ЖАО	2023 жылғы II тоқсан	001 "Оқу-ағарту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
	Өскелең ұрпақтың құқықтық және сыбайлас				

31.	жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында "Әрекет ет" республикалық мектеп көшбасшылары мен пікірсайысшылар слеті	слет	ОМ	2023-2026 жылдар	001 "Оқу-ағарту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
32.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру және салық саласындағы мәселелерді білу мақсатында # BIRGEDAMYU SHIN балалар шығармашылығы конкурсын өткізу	конкурс	Қаржымині	2023-2026 жылдар	001 "Бюджеттік жоспарлауды, мемлекеттік бюджетті атқаруды және оның атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
33.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпқа жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың қатысуымен брейн-ринг өткізу	брейн-ринг	ҒЖБМ	2023-2026 жылдар	қаражат талап етілмейді
34.	Балалардың құқықтарын қорғау саласында бақылау іс-шараларын жүзеге асырған кезде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша	ролик	ОМ, АҚДМ	2023-2026 жылдар	001 "Оқу-ағарту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру"

	ақпараттық бейнеролик дайындау және тарату				бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
35.	Білім беру ұйымдарында адалдық пен академиялық адалдық мәселелеріне арналған ортақ сағат ұйымдастыру	парасаттылық сағаты	ОМ, ҒЖБМ, ЖАО	2023-2026 жылдар (III тоқсан)	қаражат талап етілмейді
36.	"Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубтарының және "Саналы ұрпақ" студенттік клубтарының слеттерін өткізу	слеттер	ОМ, ҒЖБМ, ЖАО	2023-2026 жылдар	001 "Оқу-ағарту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
37.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы салада іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру	жоғарғы оқу орындарына ұсынымдар ҒЖБМ сайтындағы зерттеу жұмыстарының тізілімі	ҒЖБМ	2023 жылғы I тоқсан 2024-2026 жылдар (IV тоқсан)	001 "Ғылым және жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
38.	Жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері" элективті курсы өткізу	курстар	ҒЖБМ, СЖҚІА (келісу бойынша)	2023-2026 жылдар	қаражат талап етілмейді
	Педагогтардың, тәрбиешілердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына оқушыларды	біліктілікті арттыру			001 "Оқу-ағарту саласындағы мемлекеттік саясатты

39.	сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу бойынша модульдерді енгізу	бағдарламалары на өзгерістер енгізу	ОМ, СЖҚІА (келісу бойынша)	2023 жылғы III тоқсан	қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде
40.	Түрлі салаларда табысқа жеткен спикерлерді шақырып, TEDx форматында кездесулер өткізу	кездесулер	ОМ, ҒЖБМ, ЖАО	2023-2026 жылдар	001 "Оқу-ағарту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

"Атамекен" ҰКП – "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары

ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҚХА – Қазақстан халқы Ассамблеясы

МҚІА – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

ОМО – орталық мемлекеттік органдар

СЖҚІА – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі